

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

ЖОБА

**«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған
ойынтерапиясы»**

Мектепке дейінгі ұйымдардың, орта білім беру ұйымдарының, түзету
мектептерінің, оңалту орталықтарының, ПМПК педагогтерінің біліктілігін
арттыру курсының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Дайындаған:

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

Астана қ., 2026

МАЗМҰНЫ

Бөлім 1.	Жалпы ережелер	3
Бөлім 2.	Глоссарий	6
Бөлім 3.	Бағдарламаның тақырыбы	7
Бөлім 4.	Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері	8
Бөлім 5.	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	9
Бөлім 6.	Оқу процесін ұйымдастыру	17
Бөлім 7.	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	18
Бөлім 8.	Оқу нәтижелерін бағалау	18
Бөлім 9.	Курстан кейінгі сүйемелдеу	19
Бөлім 10.	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	20
Қосымша 1	Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері	23

1 - бөлім. Жалпы ережелер

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдардың, түзету мектептерінің, оңалту орталықтарының, ПМПК педагогтарының кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін зерттеу арқылы анықталған неғұрлым талап етілетін білім кешенін қамтиды. Педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының жұмыс оқу жоспары нормативтік-құқықтық актілердің ережелері мен талаптары негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы,

- Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы,

- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы,

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, тиісті типтері мен түрлеріндегі қосымша білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы,

- Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы (2025–2030 жж.). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы. 4-бөлім. Негізгі бағыттардың бірі - инклюзивті білім беру бойынша педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

- Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы № 53-XII қаулысымен ратификацияланған) және Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы № 175-V Заңымен ратификацияланған) әрбір баланың қолжетімді және сапалы білім алуға, ерте көмекке және мамандардың қолдауына құқығын бекітеді.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» №4 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №92 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы «Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың стандарты» №117 бұйрығы.

Ойын – балалардың негізгі әрекеті. Балаларға арналған ойын – оның сезімдері мен тәжірибесі туралы айтудың ең табиғи тәсілі. Ойын – оның эмоционалдық және әлеуметтік тәжірибесін жинақтауға, білім алуға және бұрыннан бар дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік беретін бала әрекетінің ерекше түрі. Ойын баланың кішкентай кезінен бастап сүйікті ісі және жетекші іс-әрекеті. Ойын баланың барлық ойлау процестерінің дамуына ықпал етеді және бір-бірімен оқудың және өзара әрекеттесудің негізгі тәсілі болып табылады. Ойында бала өзінің эмоциясы мен сезімін көрсетеді. Ойын барысында адами қарым-қатынас нормаларын қалыптастыруға, баланың адамгершілік қасиеттерін дамытуға және психикалық процестерді жетілдіруге қолайлы жағдайлар жасалады. Ойын барысында балалар ұжымдық іс-әрекетте өзара әрекеттесу дағдыларын игереді: бірлесіп әрекет ету қабілеті (ынтымақтасу дағдысы), басқалардың мүдделерін ескеру (өзіндік және өзара бақылау), өз мүдделерін ортақ мүдделерге бағындыру, ықыласпен қарау және дұрыс шешім қабылдау.

Ойынның бала дамуындағы осындай жан-жақты мүмкіндіктері оны ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың табиғи әрі тиімді құралы ретінде қарастыруға негіз болады. Осы мүмкіндіктерді мақсатты түрде пайдалану ойынтерапиясының мазмұнын құрайды.

«Ойын терапиясы» термині ойын әрекеттерінің болуын болжайды. Ойын терапиясы – мұғалім баланың жеке және эмоционалдық дамуын тежейтін психологиялық және әлеуметтік мәселелерді жеңуге көмектесу үшін ойынның емдік әсерлерін қолданатын психотерапияның бір түрі.

Ойын терапиясы келесі функцияларды орындауға мүмкіндік береді:

- коммуникативті-эмоционалды байланыс орнату;
- релаксация – жүйке жүйесіндегі стресстен туындаған эмоционалдық стрессті жеңілдету;
- тәрбиелік – девантты мінез-құлықты психотренинг және психокоррекциялау;
- дамытушылық – психикалық процестерді, қозғалыс сферасын дамыту;
- дидактикалық (білім беру) – бізді қоршаған әлем туралы ақпаратпен байыту.

Аталған функциялар ойынтерапиясының тек баланың эмоционалдық жағдайын қолдауға ғана емес, сонымен қатар оның қарым-қатынас, мінез-құлық, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін кешенді тәсіл екенін көрсетеді. Бұл оның қазіргі инклюзивті білім беру жағдайындағы өзектілігін арттырады.

Инклюзивті білім беру қазіргі таңда халықаралық білім беру саясатының тұрақты бағыттарының біріне айналып отыр. UNESCO-ның 2026 жылғы Global Education Monitoring Report есебінде 2000 жылдан бері инклюзивті білім беруге қатысты заңнамасы бар елдердің үлесі 1%-дан 24%-ға дейін өскені көрсетілген. Ал заңнамасында мүгедектігі бар балаларды инклюзивті білім беру жағдайында оқыту қарастырылатын елдердің үлесі 17%-дан 29%-ға дейін артқан. 2025 жылға

қарай елдердің 84%-ы инклюзивті білім берудің белгілі бір анықтамасын қабылдаған.

Бұл көрсеткіштер инклюзияның жекелеген елдердің тәжірибесі емес, әлемдік білім беру саясатының маңызды бағытына айналғанын көрсетеді. Сонымен бірге қазіргі халықаралық түсінікте инклюзия баланы білім беру жүйесіне формалды түрде енгізумен шектелмейді; негізгі міндет – оның білім беру процесіне белсенді қатысуына, оқуына, әлеуетін дамытуына және қажетті қолдауға қол жеткізуіне жағдай жасау. Бұл бағыт UNICEF-тің 2026 жылғы «Learning is For Everyone» жаһандық есебінде де көрініс тапқан. Есепте мүгедектігі бар балалардың білім алуына кедергі келтіретін факторларды жою, олардың қажеттіліктерін білім беру жүйесі деңгейінде тану, инклюзивті мектептерді дамыту және қажетті ресурстармен қамтамасыз ету маңызды екені көрсетілген. Зерттеу қорытындылары инклюзияның өздігінен қалыптаспайтынын, оны қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесін өзгерту, қажеттіліктерді ескеру және тиісті қолдау тетіктерін дамыту қажет екенін көрсетеді.

Осыған байланысты инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің міндеті тек білім берумен шектелмей, баланың білім беру ортасына бейімделуіне, қарым-қатынас жасауына және әлеуметтік ортаға қатысуына қажетті жағдай жасауды да қамтиды. Бұл міндеттерді іске асыруда ойынтерапиясы баланың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін практикалық құралдардың бірі бола алады.

Қазіргі әлемдік білім берудің тағы бір маңызды тренді – баланың тек академиялық жетістігіне емес, оның тұтас дамуына, психологиялық әл-ауқатына, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларына және қауіпсіз білім беру ортасына бағдарлану. Бұл тәсіл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты ерекше маңызға ие, өйткені олардың білім алудағы табыстылығы көбіне тек танымдық мүмкіндіктеріне емес, қарым-қатынас жасау, эмоцияларын реттеу, мінез-құлқын басқару, жаңа ортаға бейімделу және әлеуметтік жағдайларда әрекет ету қабілеттеріне де байланысты.

Ойын терапиясы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің маңызды құрамдас бөлігі бола алады. Бұл әдіс балалардың бейімделуін, әлеуметтенуін және эмоциялық тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді. Ойын арқылы балалар қиындықтарды жеңуге, қарым-қатынас жасау, зейін қою, өзін-өзі бақылау сияқты дағдыларды дамытуға үйренеді – бұл олардың білім алуға дайындығын және оқу ортасындағы табыстылығын арттырады. Ойын терапиясы баланың (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі баланың) қажеттіліктерін ескеретін қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын құруға көмектеседі. Орталықтағы ойын технологияларын қолданатын түзету сабақтары балаларға әлеуметтік мінез-құлықтың қажетті түрлерін меңгеруге, отбасылық жағдайда оларды қолдана білуге мүмкіндік береді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың құрдастары

арасындағы алшақтықты азайту, кедергілерді жою және тең қолжетімділікті жақсарту шараларының бір бөлігі бола алады.

Әзірленген білім беру бағдарламасы (ББ) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтердің ойын технологияларын қолдану саласындағы теориялық білімдерін жүйелеуге, практикалық дағдыларын жетілдіруге және кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

2 - бөлім. Глоссарий

Арнайы педагогика – педагогикалық білімнің құрамдас бір бөлігі болғанына қарамастан, көлемді ғылым саласы (латын тілінен аударғанда *specialis* – туыс, түр) деген мағынаны береді. Нақты түрдегі қабылданған анықтамасы, арнайы педагогика – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім берудің теориясы мен технологиясын зерттейтін ғылым.

Арнаулы (түзету) білім беру мекемелері – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру мекемелері.

Арнаулы білім беру жағдайлары – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жалпы білім беру мен кәсіптік білім берудегі арнаулы оқыту мен тәрбие жағдайлары.

АСБ -аутистік спектрдің бұзылуы (ағылш. *autism spectrum disorder, ASD*; оның ішінде ескірген диагноздар: балалар аутизмі, ерте нәрестелік аутизм, атиптік аутизм, Каннердің аутизмі, жоғары функционалды аутизм, қосымша түсіндірулерсіз дамудың алғашқы бұзылуы, баланың ыдырауы және Аспергер синдромы 1:53) — нейроонтогенетикалық бұзылыс, яғни нәрестелік немесе балалық шақтағы психикалық дамудың бұзылуы, әлеуметтік өзара әрекеттесуді және қоғамдық байланыстарды бастау және қолдау қабілетінің тұрақты жетіспеушілігімен, сондай-ақ шектеулі мүдделермен және жиі қайталанатын мінез-құлық әрекеттерімен сипатталады.

ЕБҚЕ-бұл ерекше білім беруді қажет ететін.

Ойын терапиясы – педагог баланың жеке және эмоционалдық дамуын тежейтін психологиялық және әлеуметтік проблемаларды жеңуге көмектесу үшін ойынның емдік әсерлерін қолданатын психотерапияның бір түрі.

Ойын – бала әрекетінің ерекше түрі, ол оған өзінің эмоционалдық және әлеуметтік тәжірибесін жинақтауға, білім алуға және өзінде бар дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру (ағылш. *inclusion*-білім беруді, бірлесіп оқытуды қамтитын қосу) - қолда бар физикалық, зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалдық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, әрбір адамға жалпы білім беру мекемелерінде оқуға мүмкіндік берілетін оқыту нысаны.

Коррекция – (лат. *correction* – түзеу) – балалардың психикалық және дене дамуының кемшіліктерін түзетуге немесе оның салдарын жеңілдетуге бағытталған педагогикалық шаралар жүйесі.

Психикалық дамуында тежелуі бар балалар – әдетте ұзақ уақытта әр түрлі себептегі науқастар салдарынан, түрлі созылмалы аурулардан, туа біткен және жүре пайда болған соматикалық жүйедегі ақаулардан, балалар неврозынан жапа шеккендер. Психикалық тежелген балаларды жан-жақты зерттеу 1960 жылдардан басталды: осы жылдары енгізілген міндетті орта білім беру жүйесіндегі өзгерістер, жалпы білім беретін мектептердің бағдарламаларының күрделенуі көптеген балалардың сабақ үлгерімін төмендетті. Тіптен кейбіреулері бағдарламаны игере алмайды, білім сапасы төмендей бастады.

3 - бөлім. Бағдарламаның тақырыбы

Қазіргі уақытта инклюзивті қоғам саласындағы педагогтердің, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің, оңалту орталықтарындағы түзету-педагогтерінің, орта білім беру ұйымдары, түзету мектептері, ПМПК-ның негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында арнайы білім беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен ойын терапевттерінің жұмыс жасай білуі мен дағдылары; ойын терапиясында қолданылатын әдістермен танысу; әртүрлі бұзылулары бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар.

Бағдарламаның жаңалығы – бұл балалардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке принциптеріне негізделген кешенді ойын терапиялық қолдау моделін әзірлеу және теориялық тұрғыда негіздеу. Бағдарлама түзету-дамытушылық, психотерапиялық және білім беру міндеттерін біртұтас ойын процесінде біріктіріп, когнитивтік, сөйлеу және эмоциялық-ерік салаларына кешенді әсер етеді.

Жаңалығы сондай-ақ көпсалалы тәсілді қолдану, отбасын түзету процессіне тарту және инклюзивті білім беру ортасында ойын терапияны жүзеге асыру шарттарын анықтау болып табылады. Бұл балалардың әлеуметтік бейімделуін және әлеуметтенуін тиімді етуге ықпал етеді.

Білім беру жүйесінде жеке педагогикалық бағдарламалар мен әдістемелік материалдар бар, онда ойын қызметі немесе ойын терапия элементтері балалардың түзетуі мен дамуының құралы ретінде қолданылады. Мысалы: ақыл-ой дамуының тежелуі және басқа да денсаулық ерекшеліктері бар оқушыларға арналған бейімделген білім беру бағдарламалары мен түзету-дамытушылық сабақтардың жұмыс бағдарламалары (мысалы, «Ойын, ойын терапия 1–2 сыныптар» бейімделген бағдарлама); бастауыш мектепте ойын терапия әдісін қолданатын түзету-дамытушылық сабақтар (мысалы, «Ойын терапия» дамыту бағдарламасы).

Сонымен қатар педагогикалық тәжірибеде ақыл-ой дамуы бұзылған балаларға арналған сюжеттік-рөлдік ойын бағдарламалары кездеседі, олар мектепке дейінгі және бастауыш білім стандарттарына сәйкес әзірленген және

ойынды қатынас, танымдық және әлеуметтік дағдыларды дамыту құралы ретінде қарастырады.

Халықаралық тәжірибеде play therapy («ойын терапия») әдістері арнайы білім беру интервенцияларында тиімді деп танылады, әсіресе балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуда. Дегенмен, олар көбіне кеңірек қолдау бағдарламаларының бір бөлігі ретінде енгізіледі (мысалы, арнайы мектепке дейінгі немесе мектеп интервенцияларында), және дербес стандартталған бағдарламалар ретінде қалыптаспаған.

Сондықтан, ойын компоненттері бар жеке бағдарламалар мен материалдардың болуына қарамастан, білім беру жүйесінде ойын терапияны негізгі, жүйелі технология ретінде қолданатын кешенді бағдарламалар әлі қалыптаспаған, бұл арнайы бағдарлама әзірлеудің қажеттілігін дәлелдейді.

4 - бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдардың, орта білім беру ұйымдарының, түзету мектептерінің, оңалту орталықтарының және ПМПК педагогтерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс барысында ойын технологияларын тиімді қолдану бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру, балалардың әлеуметтік дағдыларын, эмоционалдық реттелуін, психомоторлық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған ойын әдістерін меңгерту.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалады:

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру мен психологиялық-педагогикалық қолдауды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуындағы ойынның рөлі және ойын технологияларын психологиялық-педагогикалық қолдауда қолдану ерекшеліктері туралы педагогтердің түсініктерін кеңейту;

3) ойын әрекетін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерімен, ойын технологияларымен және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік және психомоторлық дағдыларын дамытуға бағытталған ойын әдістерімен таныстыру;

4) баланың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, ойын әрекетін ұйымдастыру және ойын құралдарын тиімді таңдау дағдыларын қалыптастыру;

5) ата-аналарға баланың үй жағдайындағы ойын әрекетін ұйымдастыру бойынша психологиялық-педагогикалық ұсыныстар берудің тиімді тәсілдерін меңгерту.

Курсты аяқтағаннан кейін инклюзивті ортада ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогтер:

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру мен психологиялық-педагогикалық қолдауды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, ойынның бала дамуындағы маңызын және ойын технологияларын қолдану ерекшеліктерін біледі;

2) баланың жасына, жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне сәйкес ойындарды, ойыншықтарды және ойын құралдарын таңдап, оларды түзету-дамыту және білім беру процесінде тиімді қолдана алады;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын, эмоционалдық реттелуін, қарым-қатынас жасауын, зейінін және психомоторлық қабілеттерін дамытуға бағытталған ойын әдістерін қолдана алады;

4) ойын технологияларын пайдалана отырып, жеке және топтық сабақтарды ұйымдастыра алады және ойын барысында баланың белсенді қатысуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

5) ата-аналарға ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың үй жағдайындағы ойын әрекетін ұйымдастыру және ата-ана мен бала арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту бойынша психологиялық-педагогикалық ұсынымдар бере алады

5 - бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Тыңдаушыда белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес келетін кәсіби білімді, дағдыларды қалыптастыру үшін бағдарламаның мазмұны 4 модульді меңгеруді қамтамасыз етеді:

1) Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуында ойын технологияларының рөлі;

3) ойын әрекетін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері;

4) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар.

1 - Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Бұл модульде педагогикалық кадрлардың ойынтерапиясы бойынша нормативтік-құқықтық құжаттарға талдау жасалады. Аталған педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы төмендегідей Қазақстан

Республикасы заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне жүргізілген талдау негізінде әзірленген.

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы 1-тарау. Жалпы ережелер. 3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары 1-т. осы Заңның негізгі мақсаты сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету болып табылады. 8-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер 1-1-т. мемлекет ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға (балаларға) олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі ұсынған шекте білім алу нысанын таңдау құқығын беруді қоса алғанда, олардың өзін-өзі жетілдіруіне, білім берудің барлық деңгейлерінде өмір бойы оқуын жалғастыруына, өздерінің қабілеттерін еркін дамытуына жағдайлар жасайды. 3-тарау. Білім беру жүйесі. 14-бап. Білім беру бағдарламалары 2-т. жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған. 7-тарау. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтің мәртебесі, 51-бап. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі 5-3-т. жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагог өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруы қажет. *Бағдарламамен байланысы:* бағдарлама педагогтердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен дамытудың арнайы жағдайларын құру бойынша, соның ішінде ойын терапиясы әдістері арқылы, құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Педагог қызметкер өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға міндетті.

2. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

1-тарау. Жалпы ережелер. 3-бап. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау, оның мақсаттары, міндеттері мен принциптері 1-т. кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау баланың туғанынан басталып, ол кәмелеттік жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізіледі. 4-т. Кемтар балалардың дене, психика және өзге де қабілеттерінің орнын толтыру немесе оларды қалпына келтіру, олардың әлеуметтік құқықтарын

іске асыру, неғұрлым толық әлеуметтік бейімделуіне жәрдемдесу болып табылады. 3-Тарау. Кемтар балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету жөніндегі қызмет. 9-бап. кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар 3-т. мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнаулы білім беру қызметтерін Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен арнаулы ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары, логопедтік пункттер, балалар бақшалары және басқа да білім беру ұйымдары көрсетеді. *Бағдарламамен байланысы:* ойын терапиясы педагогтер тарапынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың бір бөлігі ретінде қолданылады және арнайы білім беру қызметтері жүйесіне енгізіледі.

3.Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы.

1-тарау. Жалпы ережелер. 4-бап. Балалардың тең құқықтылығы 1-т. тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие. 3-тарау. Баланың негізгі құқықтары мен міндеттері. 15-бап. Баланың білім алуға құқығы 1-т. әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі. 3-т. ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға сәйкес арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат бөлінеді. *Бағдарламамен байланысы:* бағдарлама педагогтерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психоэмоциялық және тұлғалық дамуын қолдау үшін игротерапияны қолдану құзыреттерін қалыптастырады.

4.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, тиісті типтері мен түрлеріндегі қосымша білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы. 6-қосымша «Арнайы білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары» 2-т. арнайы білім беру ұйымдарының тағайындалуы, 3-т. арнайы білім беру ұйымдарының негізгі міндеттері, 4-т. білім беру процесін ұйымдастыру, 5-т. қолданылатын әдістер мен жұмыс нысандары. *Бағдарламамен байланысы:* бағдарлама әрбір баланың даму

ерекшеліктері мен мамандардың ұсынымдарына сәйкес ойын әдістері мен техникаларын іріктеуді, жеке және сараланған тәсілді көздейді.

5.Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы (2025–2030 жж.). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы. 4-бөлім. Негізгі бағыттардың бірі — инклюзивті білім беру бойынша педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

6. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы № 53-ХІІ қаулысымен ратификацияланған) және Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы № 175-V Заңымен ратификацияланған) әрбір баланың қолжетімді және сапалы білім алуға, ерте көмекке және мамандардың қолдауына құқығын бекітеді.

7.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» №4 бұйрығы. 1-тарау. Жалпы ережелер. 2-т. 2) тармақшасы. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар – білім алу үшін арнайы психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және өзге де қолдауды қажет ететін балалар. 2-тарау. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі 4-т. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау білім алушылардың оқудағы қиындықтарының себептерін анықтау және оларға қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі. 5-т. Бағалау барысында баланың танымдық, эмоционалдық-еріктік, коммуникативтік және әлеуметтік даму ерекшеліктері зерттеледі. 12-т.Бағалау нәтижелері негізінде білім алушыға қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау түрлері айқындалады және жеке дамыту жұмыстары жоспарланады. *Бағдарламамен байланысы:* Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың эмоционалдық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. №4 бұйрықта көрсетілген психологиялық-педагогикалық қолдау шеңберінде ойын терапиясы баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстарының тиімді әдісі ретінде қолданылады. Ойын терапиясы арқылы баланың қарым-қатынас жасау қабілеті, эмоционалдық тұрақтылығы, әлеуметтік бейімделуі және танымдық белсенділігі дамытылады, бұл бұйрықта көзделген ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру міндеттерімен сәйкес келеді.

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №92 бұйрығы. 1-тарау. Жалпы ережелер. 3-т. Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауға, бағалауға және қанағаттандыруға бағытталған мамандардың кешенді қызметі. 2-тарау. Білім беру ұйымдарындағы

психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу тәртібі 5-т. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты білім алушылардың білім алуына, дамуына, әлеуметтенуіне және оқу процесіне табысты қатысуына жағдай жасау болып табылады. 10-т. Психологиялық-педагогикалық қолдау білім алушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Бағдарламамен байланысы: Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Ойын терапиясы балалардың эмоционалдық дамуын, қарым-қатынас дағдыларын және әлеуметтік бейімделуін қолдаудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Сондықтан бағдарлама мазмұны №92 бұйрықта айқындалған психологиялық-педагогикалық қолдау міндеттерімен сәйкес келеді.

9. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы «Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың стандарты» №117 бұйрығы. 1-бөлім. Жалпы ережелер. 1-т. Осы Стандарт ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің мазмұны мен тәртібін айқындайды. 4-т. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау баланың жеке ерекшеліктерін, даму мүмкіндіктерін және білім беру қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. 3-бөлім. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру. 7-т. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау білім алушының оқу, танымдық, коммуникативтік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуындағы қиындықтарды еңсеруге бағытталады. 9-т. Қолдау көрсету барысында баланың психологиялық жай-күйін, мінез-құлық ерекшеліктерін және әлеуметтік бейімделуін дамытуға бағытталған әдістер мен технологиялар қолданылады. 12-т. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың және ата-аналардың өзара ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарламамен байланысы: Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың эмоционалдық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған. Ойын терапиясы осы міндеттерді жүзеге асырудың тиімді әдістерінің бірі ретінде қолданылып, Стандартта көзделген арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау мақсаттарына сәйкес келеді.

2 - Модуль. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуында ойын технологияларының рөлі

Бұл модульде ойын терапиясы саласындағы жалпы білімді, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған ойын түрлерін, танымдық процестер туралы ақпарат, ұсақ және ірі моториканы дамытудың маңыздылығы, ойлауды,

есте сақтауды дамыту үшін қолданылатын ойындар мен жаттығулардың тиімділігі және АВА әдісінің элементтері туралы ақпараттар қарастырылған.

3 - Модуль. Ойын әрекетін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері

Бұл модульде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған біріктірілген сабақ пен топтық ойындарды тиімді ұйымдастыру, сенсорлық интеграция туралы білімді көрсету, сенсорлық интеграция әдісінде қолданылатын құралдармен танысу және ойын терапиясы саласында қолданылатын басқа әдістердің ерекшеліктері қарастырылады.

4 - Модуль. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар

Бұл модульде оңалту жұмысындағы "отбасылық жұмсақ мектеп" әдісінің маңыздылығы туралы ақпарат беріледі, "отбасылық жұмсақ мектеп" әдісінде қолданылатын құралдармен танысады, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналары үшін "Аналар мектебін" қалай дұрыс ұйымдастыру керектігін біледі.

Бағдарлама жоспары:

№	Сабақтың тақырыбы	Теориялық сабақтар	Практикалық жұмыс	Барлығы	Өткізу түрі
1	2	3	4	5	6
1-Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету					
<i>Оқытудың күтілетін нәтижелері:</i> педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру есебінен білім сапасын реттейтін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын білу.					
1.1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»	1	1	2	Слайд-презентация

	2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.				
1.2	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, тиісті типтері мен түрлеріндегі қосымша білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы (2025–2030 жж.). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы.	1	1	2	Слайд-презентация
1.3	Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы № 53-XII қаулысымен ратификацияланған) және Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы № 175-V Заңымен ратификацияланған).	1	1	2	Слайд-презентация
1.4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» №4 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №92 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы «Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың стандарты» №117 бұйрығы.	1	1	2	Слайд-презентация

Барлығы:		8			
2-Модуль. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуында ойын технологияларының рөлі					
Оқытудың күтілетін нәтижелері: ойын терапиясы саласындағы жалпы білім көрсетіледі және ойын терапиясында қолданылатын әдістермен танысады.					
2.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған ойындарды ойынтерапиясы сабағында тиімді қолдану	2	3	5	Слайд-презентация
2.2	Зейінін тұрақтандыру, есте сақтау, ойлау қабілеттерін жақсарту мақсатында қолданылатын ойындарды ойынтерапиясы сабағында қолдану	1	4	5	Сұрақ-жауап
2.3	Аутизм: Мінез-құлқында ерекшеліктері бар (аутизм) балаларды оңалту жолдары	2	3	5	Слайд-презентация
2.4	Аутизм және аутизм спектрінің бұзылуы бар балалармен ойынтерапиясы сабақтарын өткізу ерекшеліктері	2	3	5	Слайд-презентация
2.5	Ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қабылдау қабілетін жақсартуға арналған ойындарды сабақта қолдану	2	3	5	Слайд-презентация
Барлығы:		25			
3-Модуль. Ойын әрекетін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері					
Оқытудың күтілетін нәтижелері: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ойын әрекетін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерімен танысу					
3.1	Ойынтерапевті жұмысындағы сенсорлық интеграцияның маңызы	2	2	4	Слайд-презентация
3.2	Сенсомоторлы дамуы бұзылған балалармен коррекциялық жұмыстың ерекшелігі	1	2	3	Сұрақ-жауап
3.3	Ойынтерапиясындағы біріктірілген сабақ	2	3	5	Слайд-презентация
3.4	Біріктірілген сабақ, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту құралы ретінде	2	3	5	Слайд-презентация
3.5	Топтық ойынтерапиясын ұйымдастыру және өткізу	2	2	4	Слайд-презентация

					тация
3.6	Топтық ойынтерапиясы арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту	2	2	4	Слайд-презентация
Барлығы:		25			
4-Модуль. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар					
Оқытудың күтілетін нәтижелері: үй жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар ата-аналарға арналған кеңестер, ұсыныстар					
4.1	«Аналар мектебін» тиімді ұйымдастыру	2	2	4	Слайд-презентация
4.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен ойын терапевтінің жұмысындағы "отбасылық жұмсақ мектептің" рөлі	2	2	4	Сұрақ-жауап
4.3	«Отбасылық жұмсақ мектеп» әдісін ойынтерапиясы сабағында қолданудың тиімділігі	2	3	5	Слайд-презентация
4.4	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар	2	3	5	Слайд-презентация
Барлығы:		18			
Жобаны қорғау		2			
Қорытынды тестілеу		2			
Барлығы:		80			

6 - бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейтін Ережеге сәйкес ұйымдастырылады:

- 1) еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);
- 2) жалақысын сақтай отырып, еңбек қызметінен қол үзіп (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);

3) аралас (қашықтықтан оқытуды қолдана отырып, күндізгі).

Курсты өткізу кезеңінде жеке дәрістер оқуға және практикалық сабақтарды жүргізуге ұйым әдіскерлерді, педагогтарды, білім беру ұйымдарының басшыларын, практикаларды, өндірістік кәсіпорындардың мамандарын, өңірлік кәсіпкерлер палаталарының, жұмыс берушілер қауымдастықтарының өкілдерін тартады.

Оқу процесі оқу жоспарымен, жылдық кестемен, ұйымның сабақ кестесімен реттеледі.

Курстың ұзақтығы: 80 сағат

Біліктілікті арттыру курсының оқу процесін ұйымдастыру шарттары:

- 1) белгіленген оқу жоспарына, сабақ кестесіне сәйкес оқуға;
- 2) оқу тәртібі мен мінез-құлық нормаларын сақтауға, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамына және басқа да білім алушыларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғпауға;
- 3) біліктілікті арттыру курсының кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кемінде 80% - қатысуға;
- 4) алынған ең жоғары балдың кемінде 50% көлемінде қорытынды тестілеуден өтуге міндетті.

7 - бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету әдістемелік ұсынымдардың мынадай құрылымын қамтиды:

- 1) дәріс кешені:
 - дәріс тезистері
 - иллюстрациялық материал
 - әдебиет
 - бақылау сұрақтары (кері байланыс).
- 2) практикалық сабақтар:
 - мақсат
 - оқыту міндеттері
 - тақырыптың негізгі сұрақтары
 - түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін оқытудың негізгі нысандары/әдістері/технологиялары
 - әдебиет
 - бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).
- 3) өзіндік жұмыс:
 - тапсырмалар
 - орындау/ бағалау нысаны (реферат, презентация, тапсырмалар, тесттер,
 - тапсыру мерзімі

- әдебиет
- бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).

8 - бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау

Оқыту нәтижелерін бағалау жобаны қорғау, тестілеу нысанында жүргізіледі (1-қосымша).

Жобаны қорғау жеке жұмыс түрінде өтеді. Әр тыңдаушы өз жобасын дайындайды.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы барысында әрбір тыңдаушы 0 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға, аутизм спектрінің бұзылыстары бар, зияткерлік даму ерекшеліктері бар, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға, сондай-ақ басқа да ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға оңалту көмегін көрсету кезіндегі кәсіби қызметті жоспарлау, ұйымдастыру және талдауды қамтитын жеке тапсырманы орындайды.

Тапсырманы орындау барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеудің заманауи әдістері мен технологиялары қолданылады. Оларға оқытуды дараландыру, ойын және тәжірибеге бағдарланған әдістер, көрнекі қолдау, ортаны құрылымдау, коммуникативтік, танымдық, сенсорлық және әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды дамыту әдістері, сондай-ақ пәнаралық өзара іс-қимыл және отбасына бағдарланған тәсіл технологиялары жатады.

Қорытынды тестілеу біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының мазмұны бойынша сұрақтарға жауаптарды қамтиды. Қорытынды тестілеу үшін ең жоғары балл - 100 балл, ең аз - 50 балл.

50 және одан көп балл алған тыңдаушыға сертификат беріледі. Әйтпесе, біліктілікті арттыру курсын тыңдау туралы анықтама беріледі.

Сертификат алмаған тыңдаушылардың мүмкіндігі бар:

- 1) жылына бір реттен артық емес білімді қайта бағалауға;
- 2) тыңдаушылардың келесі ағымымен білімді қайта бағалауға;
- 3) ағымдағы жыл ішінде дәлелді себептермен бір ағыннан екінші ағынға ауыстыруға құқылы.

4) растайтын құжаттарды ұсына отырып, дәлелді себеппен үзілген курсты аяқтауға құқылы.

Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға тақырып пен сағат көлемі көрсетілген біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы бойынша сертификат беріледі.

9- бөлім. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейтін ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен анықталады.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүргізу нысандарына мыналар жатады:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды (конкурстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

Курстан кейінгі сүйемелдеу нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг үш жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.

10- бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы.

2. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және

кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» №4 бұйрығы.

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №92 бұйрығы.

7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы «Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың стандарты» №117 бұйрығы.

8. Гарри Ландрет. Ойын терапиясы. Қарым-қатынас өнері. – М.: Диалектика. 2021.-368 б.

9. М.А. Панфилова. Қарым-қатынастың ойын терапиясы.-Гном және Д.2020.-160 б.

10. Лэндрет Г. Л. Ойын терапиясындағы жаңа бағыттар: мәселелер, үдеріс және ерекше топтар. – М.: Когито-Центр, 2022. – 479 б.

11. Е.Б. Богина.Ойын терапиясының теориясы мен практикасы.Еркін ойын әдісі.- Флинта.2019.-144 б.

12. Е.А.Пиотровская. Ойын терапиясы. Сіздің балаңызға арналған Алтын парашют. "АСТ баспасы", 2023.- 180 б.

13. Амирова Л. Р. Ойын технологиялары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста дамыта оқытудың элементі ретінде // Дамыта оқыту: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қазан, 2023.

14. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2022.

15. БҰҰ «Бала құқықтары туралы конвенциясы» (1989, ҚР ратификациясы 1994).-54 б.

16. UNESCO. *Inclusive Education: Teacher's Handbook for Inclusive Learning Environments*. Paris: UNESCO, 2022–2025.

17. IntechOpen. *Inclusive Special Education: Research to Practice*. London: IntechOpen, 2025.

18. Halder, S., Dada, S., Banerjee, R. *The Routledge Handbook of Inclusive Education for Teacher Educators*. Routledge, 2023. -720 p.

19. Bryant, D.P. et al. *Teaching in Inclusive Classrooms*. 2023.-496 p.

Perzigian, A., Aziz, N. *Multicultural Special Education for Inclusive Classrooms*. Routledge, 2022.- 178 p.

20. Dijkstra-de Neijs, L., Tisseur, C., Kluwen, L.A., van Berckelaer-Onnes, I.A., Swaab, H., Ester, W.A. Effectivity of Play-Based Interventions in Children with Autism

Spectrum Disorder and Their Parents: A Systematic Review. Journal of Autism and Developmental Disorders. 2023. Vol. 53. P. 1588–1617.

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1. Филипп Перри. Менің ата-анамның бұл туралы білмегені қандай өкінішті (және менің балаларымның жолы болды, себебі мен бұл туралы қазір білемін). М., Эксмо, 2020.- 299 б.
2. Уильямс Катрина, Робертс Жаклин. Аутизмді түсіну.- Феникс, 2021.-183 б.
3. Анита Банди, Шелли Лейн, Элизабет Мюррей. Сенсорлық интеграция. Теория және практика. - Теревинф, 2018.-768 б.
4. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2022.
5. Derman-Sparks, L., Edwards, J.O. *Anti-Bias Education for Young Children and Ourselves*. 2nd ed., 2020.-224 p.
6. Tomlinson, C.A. *How to Differentiate Instruction in Academically Diverse Classrooms*. 2020.- 186 p.
7. Bruinsma, Y. et al. *Naturalistic Developmental Behavioral Interventions for Autism Spectrum Disorder*. 2020.-464 p.
8. Wehman, P. *Essentials of Transition Planning*. 2020.- 408 p.
9. Erickson, K., Koppenhaver, D. *Comprehensive Literacy for All*. 2020.-328 p.
10. WHO. *Global Report on Assistive Technology*. 2022.-140 p.
11. UNESCO. *Reaching Out for All Learners: Inclusion in Education*. 2023.-84 p.
12. O’Keeffe, C., McNally, S. A Systematic Review of Play-Based Interventions Targeting the Social Communication Skills of Children with Autism Spectrum Disorder in Educational Contexts. Review Journal of Autism and Developmental Disorders. 2021. Vol. 10. P. 51–81.
13. Kuhaneck, H., Spitzer, S.L., Bodison, S. A Systematic Review of Interventions to Improve the Occupation of Play in Children With Autism. OTJR: Occupation, Participation and Health. 2020.

Білім беру бағдарламасына 1-қосымша

Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері:

Курстың даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын игеру;
- 2) зерттелетін материалды практикалық қолдану;
- 3) ақпаратты талдау және синтездеу;
- 5) қорытынды жасай білу.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындау бойынша білімдерін бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 балл (75-84%);
- 3) «қанағаттанарлық»: 5-6 балл (50 - 74%).

Жобаны бағалау критерийлері

Курстың даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) жобаның негіздемесі;
- 2) жобалық идеяның креативтілігі;
- 3) жобаны іске асыру жоспары;
- 4) алған білімдерін көрсету;
- 5) әлеуетті нәтижелілік.

Жобаның құрылымы

Бір жобалық тақырыпта 4-5 тыңдаушыдан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) титул парағы (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т.А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) мазмұны (Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, негізгі проблеманы тұжырымдау және қысқаша сипаттау негіздемесі беріледі).

4) негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады, қолда бар тиімді практиканың көздері мен материалдарында жобалық идея баяндалады, жобаны іске асырудың іс-қимылдары (кезеңдері) жоспарланады, жобаны бағалау критерийлері, көрсеткіштері, индикаторлары және оның болашақ дамытушы, оқытушы, қалыптастырушы әсері айқындалады.

5) қорытынды (жобаның тәуекелдері тіркеледі, жалпылау жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) пайдаланылған көздердің тізімі.

7) қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) слайд түріндегі Презентация.

Жобаны бағалау критерийлері:

1) жобаның негіздемесі;

2) жобалық идеяның креативтілігі;

3) жобаны іске асыру жоспары;

4) алған білімдерін көрсету;

5) әлеуетті нәтижелілік.

Жобаның бағалау парағы

	Критерийлер	Ұпай саны	Пікірлер орны
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау		
2	Қойылған мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жобада инновациялық тәсілдерді пайдалану, жаңалығы		
4	Жобаны іске асыру кезеңдерінің құрылымдылығы, логикалылығы, жүйелілігі, толықтығы		
5	Педагогикалық міндеттерді шешуде ойындарды қолданудың мақсаттылығы		
6	Жобаны іске асырудың перспективасы Нәтижелерді тарату (диссеминация)		
	Ұпай саны		

Жобалық жұмыстың тұсаукесерін бағалау үшін келесі критерийлер бөлінеді:

Қе АҚ «Ұлттық балаларды оңалту орталығы»

0 балл-іске асырылмаған;

1 балл – ішінара іске асырылды;

2 балл-толық іске асырылды.

Жоба бойынша ең жоғары балл саны-12 балл.

Жұмыс үшін балл сомаларын дәстүрлі бағалау нормаларына аударуды келесі схема бойынша жүзеге асыруды ұсынамыз:

«5» (өте жақсы) бағасы 11–12 ұпай жиынтығы үшін қойылады.

«4» (жақсы) бағасы 8–10 ұпай жиынтығына сәйкес келеді.

«3» (қанағаттанарлық) бағасы 6–7 ұпай жиынтығына сәйкес келеді.

Тестілеуді бағалау критерийлері

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1.	Модуль1.Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету	8	10
2.	Модуль2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуында ойын технологияларының рөлі	25	15
3.	Модуль3.Ойын әрекетін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері.	25	15
4.	Модуль4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсыныстар.	18	10
5.	Қорытынды тестілеу	4	
	Барлығы	80	50

Ұпайларды (балдарды) бағалау шкаласы

баға	Орындалу шегі%	Ұпайлар
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50% аз емес	20 балдан аз емес